

**2012 жылға жұмыс орындарының жалпы санының бір проценті мөлшерінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 23 желтоқсандағы № А-12/366 қаулысы. Ақмола облысы Ақкөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 26 қаңтарда № 1-3-170 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № А-6/260 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2012.06.27 № А-6/260 қаулысымен**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармақтың 13)-тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5-5-тармағына сәйкес, Ақкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылға жұмыс орындарының жалпы санының бір проценті мөлшерінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Р. М. Қанатоваға** жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Үйсiмбаев*